

Жарқайың аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 6С-18/2 "2018-2020 жылдарға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 мамырдағы № 6С-23/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 маусымда № 6642 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жарқайың аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жарқайың аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 6С-18/2 "2018-2020 жылдарға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласының бюджеті туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6288 тіркелген, 2018 жылғы 12 қаңтарда "Жарқайың тынысы" және "Целинное знамя" аудандық газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 74705,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер - 48800,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 7905,0 мың теңге;

трансферттер түсімі - 18000,0 мың теңге;

2) шығындар - 74705,0 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 теңге.";

келесі мазмұндағы 2-1 тармағымен толықтырылсын:

"2-1. 2018 жылға арналған Державин қаласының бюджетінде 7905,0 мың теңге сомасында жергілікті басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан қаражат қалдықтары белгіленген заңнама тәртібімен пайдаланғандығы ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы

А.Самаев

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

Ұ.Ахметова

"КЕЛІСІЛДІ"

Жарқайың ауданының
әкімі

М.Балпан

16.05.2018

Жарқайың аудандық мәслихатының
2018 жылғы 16 мамырдағы № 6С-23/3
шешіміне 1 қосымша

Жарқайың аудандық мәслихатының
2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 6С-18/2
шешіміне 1 қосымша

2018 жылға арналған Державин қаласының бюджеті

Санаты					Сома мың теңге
		Сыныбы			
		Кіші сыныбы			
		Атауы			
1	2	3	4		5
			I. Кірістер		74705,0
1			Салықтық түсімдер		48800,0
	01		Табыс салығы		22000,0
		2	Жеке табыс салығы		22000,0
	04		Меншікке салынатын салықтар		26800,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар		500,0
		3	Жер салығы		6900,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		19400,0
2			Салықтық емес түсімдер		7905,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер		7905,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер		7905,0
4			Трансферттер түсімі		18000,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		18000,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		18000,0

Функционалдық топ

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі

			Бағдарлама	Сом
			Атауы	мамың
				теңге
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	74705,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	29036,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	29036,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22615,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6421,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	37669,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	37669,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	13405,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	150,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	24114,0
12			Көлік және коммуникация	8000,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8000,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	8000,0
			III. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			IV. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0